

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 96-тобына Еуразиялық экономикалық одақтың 1 (а) қосымша ескертпесіне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 42 шешімі 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 45-бабына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 96-тобына Еуразиялық экономикалық одақтың 1 (а) қосымша ескертпесіндегі (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) "жылтыратумен", "қырнаумен", "бұрғылаумен" деген сөздер "бүкіл үстіңгі жағын жылтыратумен, бүкіл үстіңгі жағын қырнаумен, өтпелі саңылау жасап бұрғылаумен" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян